

Көшеге атау беру туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 28 қаңтардағы № 31 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Махамбет ауылы тұрғындарымен өткізілген 2025 жылғы 31 қазандағы № 16 хаттамасы және облыстық ономастика комиссиясының 2026 жылғы 20 қаңтарындағы № 2 қорытындысы негізінде , ШЕШТІМ:

1. Махамбет ауданы, Махамбет ауылдық округі, Махамбет ауылы, Мерей шағын ауданындағы № 43 атауы жоқ көшеге "Төлеуғали Қашаубаев", Махамбет ауылы, Мерей шағын ауданындағы № 44 атауы жоқ көшеге "Хамза Қашауов", Махамбет ауылы, Мерей шағын ауданындағы № 45 атауы жоқ көшеге "Адай Есенғалиев" атаулары берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімінің
уақытша міндетін атқарушы*

Т. Бертлеуов